

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының білім саласындағы мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы" 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 4/1097 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі N 3/830 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 қазанда N 1009 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі N 3/586 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 14.07.2014 N 3/586 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 21 бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2013 жылғы 8 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мен автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңдарына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының білім саласындағы мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 4/1097 қаулысына (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 966 болып тіркелген, 2013 жылғы 16 ақпанда «Вечерний Алматы», «Алматы ақшамы» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі «Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 9-1 бабына» сөздері «Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 16 бабының 1 және 3 тармақтарына» сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

аталған қаулымен бекітілген:

1) Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау;

2) Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру мемлекеттік қызметтер регламенттерінің 1 тармақтарындағы «Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 9-1 бабының 4

тармағына» сөздері «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 16 бабының 1 және 3 тармақтарына» сөздерімен ауыстырылсын;
аталған қаулымен бекітілген:

1) Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау;

2) Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау;

3) Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау;

4) Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттарды қабылдау;

5) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына карамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау;

6) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау;

7) Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;

8) Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитындарға жатақхана беру ;

9) Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау мемлекеттік қызметтер регламенттерінің 2 тармақтарындағы «Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 9-1 бабының 4 тармағына» сөздері «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 16 бабының 1 және 3 тармақтарына» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Алматы қаласы Білім басқармасы осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны бұқаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялауды және Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары З. Аманжоловаға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов

Енгізуші:

А л м а т ы қ а л а с ы Б і л і м
басқармасының басшысы Р. Шимашева

Келісілді:

А л м а т ы қ а л а с ы
әкімінің орынбасары З. Аманжолова
Алматы қаласы әкімі аппараты
заң бөлімінің басшысы А. Қасымова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК